



Ғылыми мақала / Research Article

MFTAP / IRSTI 03.20.00

<https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-152-3-21.06>

Secondary specialized educational institutions of culture and art of Kazakhstan during the Great Patriotic War. 1941-1945s.: the structure and dynamics

S. Baidildina Fellan^a✉, A. Abdiraiymova^b, Y. Djarkinbayev^a^aAlmaty University of Power Engineering and Telecommunications named after G. Daukeev, Almaty, Kazakhstan^bALT University, Almaty, Kazakhstan

✉saulehair@mail.ru

Abstract. The article is devoted to studying new pages in the history of secondary specialized educational institutions of culture and art in Kazakhstan during wartime, using the example of two educational institutions. The purpose of this work is to conduct a historical and systematic analysis of the historical experience of training cultural and artistic personnel in secondary specialized educational institutions. These institutions, due to historical and socio-economic conditions, were the main centers of professional training of specialists in the field of culture and art of the Republic. The main focus of the article is on the analysis of the quantitative and qualitative changes in the dynamics of educational institutions; identification of the results achieved in difficult wartime conditions; identification of the invaluable contribution of the evacuated outstanding representatives of the art of the Union republics in the training of personnel in secondary specialized educational institutions of culture and art in the republic. The article also analyzes the process of the creation of the first higher educational institution of art in the republic, the Almaty State Conservatory named after Kurmangazy, which was organized based on the Muzkhorkombinat, one of the two secondary specialized educational institutions that are the subject of the study. A comprehensive analysis of a wide range of archival documents and historical evidence has been undertaken to explore the origins, structure, and dynamic processes underlying the operations of educational institutions during the challenging socio-economic environment of wartime, as well as their participation in training specialists for cultural and art institutions. Additionally, the analysis addressed the replenishment of Kazakh music, theater, and fine arts in the republic with new topics and works. Furthermore, the names of the students - future masters of art of the republic and the union are revealed. The influence of objective and subjective factors on the dynamic indicators of the student contingent, the proportion of Kazakh students in educational institutions, and the reasons for the significant quantitative gap between students of Kazakh youth and other ethnic groups are disclosed. In the context of the military situation, educational institutions were united through the collaborative efforts of central and local authorities, departments, and the management and staff of these institutions. These efforts enabled them to effectively address the challenges posed by the war. The authors express the hope that the presented work, dedicated to the 80th anniversary of the Victory in the Great Patriotic War of 1941-1945, will help to reveal new pages of the history of professional educational institutions of the republic and will serve to preserve historical memory for future generations.

Key words: the Great Patriotic War; the USSR; Kazakh SSR; culture and art; educational institution; teacher; the student; creativity

For citation: Baidildina Fellan S., Abdiraiymova A., Djarkinbayeva Y. Secondary specialized educational institutions of culture and art of Kazakhstan during the Great Patriotic War. 1941-1945s.: the structure and dynamics. *Gumilyov Journal of History*. 2025. T.152, no.3, pp.94-117. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-152-3-21.06>

Средние специальные учебные заведения культуры и искусства Казахстана в годы Великой Отечественной войны. 1941-1945 гг.: структура и динамика

С. Байдильдина Феллан^а, А. Абдирайымова^б, Е. Джаркинбаев^а

^а *Алматинский университет энергетики и связи им. Г. Даукеева, Алматы, Казахстан*

^б *АЛТУниверситет, Алматы, Казахстан*

Аннотация. Статья посвящена изучению новых страниц истории средних специальных учебных заведений культуры и искусства Казахстана в годы Великой Отечественной войны на примере двух образовательных учреждений. Целью работы является историко-системный анализ исторического опыта подготовки кадров культуры и искусства в средних специальных учебных заведениях, которые в силу исторических, социально-экономических условий являлись основными центрами профессиональной подготовки специалистов в сфере культуры и искусства республики. Основное внимание уделено анализу количественных и качественных изменений в динамике развития учреждений образования; выявлению достигнутых результатов в тяжёлых условиях военного времени; определению неоценимого вклада отдельных эвакуированных выдающихся представителей искусства союзных республик в становление и развитие учреждений образования и подготовке кадров в средних специальных учебных заведениях культуры и искусства республики. В статье также анализируется процесс создания на базе Музхоркомбината – одного из двух средних специальных учебных заведений, которые являются предметом исследования, первого высшего учебного заведения искусства в республике – Алматинской государственной консерватории имени Курмангазы. В ходе анализа широкого спектра архивных документов и исторических свидетельств рассмотрены истоки, структура и динамика деятельности учебных заведений в условиях сложной социально-экономической ситуации военного времени, их участие в подготовке специалистов для учреждений культуры и искусства, пополнение казахской музыки, театра и изобразительного искусства республики новыми темами и произведениями. Кроме того, обозначены имена студентов - будущих мастеров искусства республиканского и союзного уровней. Выявлены влияние объективных и субъективных факторов на динамические показатели студенческого контингента, доля студентов-казахов в учебных заведениях, причины значительного количественного разрыва между обучающейся казахской молодежью и представителями других этнических групп. В связи с военной обстановкой, учебные заведения, которые были объединены между собой, благодаря совместным усилиям и неустанному труду центральных и местных органов власти и ведомств, руководства и всего коллектива учебных заведений успешно справились с трудностями войны. Авторы выражают надежду, что представленная работа, приуроченная к 80-летию Победы в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов, поможет раскрыть новые страницы истории профессиональных учебных заведений республики и послужит сохранению исторической памяти для будущих поколений.

Ключевые слова: Великая Отечественная война; СССР; КазССР; культура и искусство; учебное заведение; педагог; студент; творчество

Қазақстанның мәдениет пен өнер арнаулы орта оқу орындары Ұлы Отан соғысы жылдарында. 1941-1945 жж.: құрылымы және динамикасы

С. Байдильдина Феллан^а, А. Абдирайымова^б, Е. Джаркинбаев^а

^аҒ. Дәукеев ат. Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы, Қазақстан

^бАЛТ университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның екі мәдениет және өнер арнаулы орта оқу орындары мысалы негізінде білім ошақтары тарихының жаңа беттерін зерделеуге арналған. Жұмыстың мақсаты – республикадағы қалыптасқан тарихи және әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты мәдениет пен өнер саласының мамандарын кәсіби даярлаудың негізгі ошақтары болған арнаулы орта оқу орындарының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы маман даярлау тәжірибесіне тарихи-жүйелік талдау жасау. Мақалада архив құжаттарының жаңа үлкен бөлігін ғылыми айналымға енгізу арқылы оқу орындарының даму динамикасындағы сандық және сапалық өзгерістерді талдауға, соғыс тауқыметі мен қиындығы жағдайында қол жеткізген нәтижелерін анықтауға, Ұлы Отан соғысы қарсаңында арнайы шақырылған және соғыстың алғашқы жылдары эвакуацияланып, кейін шығармашылық-педагогикалық қызметінің тұтас кезеңін Қазақстанмен байланыстырған одақтық деңгейдегі жекелеген шығармашылық зиялы қауым өкілдерінің мәдениет пен өнер оқу орындарының қалыптасуы мен дамуы, білім ошақтарының жұмысын жаңа сатыға көтерудегі өлшеусіз еңбегін зерделеуге негізгі назар аударылды. Авторлар мақаланың зерттеу нысаны болып отырған екі арнаулы орта оқу орнының бірі Музхоркомбинат базасында құрылған соғыс жылдарының жемісі, тұңғыш жоғары өнер ордасы – Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының құрылуын да қарастырады. Кең ауқымды архив құжаттары мен тарихи куәгерлер естеліктерін талдау барысында соғыс кезеңінің ауыр әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтары жағдайындағы аталмыш оқу орындары қызметінің қайнар көздері, құрылымы мен динамикасы, олардың мәдениет және өнер мекемелері үшін маман даярлауға қатысуы, көрнекті мәдениет пен өнер қайраткерлері – педагогтардың қазақ музыкасы, театры мен бейнелеу өнерін жаңа тақырыптар және туындылармен толықтырудағы айтулы үлесі талданды. Кейін республика мен одақ деңгейінде танымал болған болашақ өнер майталмандары-студенттердің есімдері анықталды. Елдегі жағдайға байланысты қалыптасқан объективті және субъективті факторлардың студенттер контингентіндегі динамикалық көрсеткіштерге әсері, оқу орнындағы қазақ студенттерінің үлесі, білім алушы қазақ жастары мен басқа халық өкілдері арасалмағындағы айтарлықтай алшақтықтың себептері белгілі болды. Соғыс жағдайына байланысты өзара біріктірілген оқу орындары орталық және жергілікті үкімет органдары мен ведомстволарының, оқу орындары басшылығы мен тұтас ұжымының күш жұмылдыруы, тынымсыз еңбегі арқасында соғыс теперіштерін табыспен игергендігін аңғарамыз. Авторлар 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай ұсынылып отырған жұмыстың нәтижелері тарихи жадымызды сақтауға, бейбітшілікті бағалауға, республикамыздың кәсіптік білім беру мекемелері тарихының жаңа беттерін ашуға септігін тигізеді деп сенім білдіреді.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы; КСРО; ҚазКСР; мәдениет пен өнер; оқу орны; педагог; студент; шығармашылық

Сілтеме жасау үшін: Байдильдина Феллан С., Абдирайымова А., Джаркинбаева Е. Қазақстанның мәдениет пен өнер арнаулы орта оқу орындары Ұлы Отан соғысы жылдарында. 1941-1945 жж.: құрылымы және динамикасы. *Gumilyov Journal of History*. 2025. Т.152, no.3, 6.94-117. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-152-3-21.06>

Kіріспе

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан мәдениеті мен өнерінің дамуы, жалпы мәдени үрдістер динамикасы төңірегіндегі ғылыми еңбектер мен зерттеулердің қатары жеткілікті. Алайда осы ауқымды тақырыптың бір аспектісі – республикамызда мәдениет пен өнер мамандарын даярлаушы жоғары оқу орнының болмауы себепті кәсіби маман даярлаудың негізгі ошақтары болған санаулы арнаулы орта оқу орындарының соғыс жылдарындағы тарих беттері зерттеушілердің назарынан тыс қалып келеді.

Соғыс оқу орындарының үйреншікті тұрмыс-тіршілігін бұзғанымен, олардың жұмысына біржола кедергі бола алмады. Білім ошақтарының сол қиын-қыстау кезеңдегі тыныс-тіршілігінен ақпарат беретін архив құжаттары мен материалдары, тарихи куәгерлердің естеліктері мен еңбектеріне талдау оқу орындарының соғыс жылдары қалыптасқан қиын әлеуметтік-экономикалық ахуал жағдайында өз жұмыстарын тоқтатпай, өнер мекемелерінің мүмкіндігінше жаңа мамандармен қамтамасыз етіліп, қазақ музыкасы мен театры, бейнелеу өнерінің тың туындылармен толығып отырғандығын көрсетеді. Республикамыздағы санаулы ғана оқу орындарының өзара біріктіріліп, соғыс жағдайына бейімделген кезеңінде Е. Серкебаев, Б. Римова, С. Мамбеев, К. Телжанов, М. Кенбаев, Г. Исмаилова, А. Жұбанов, Ш. Қажығалиев сияқты болашақ өнер саңлақтары студент атанып, көрнекті өнертанушы ғалым-педагогтар А. Жұбанов, Е. Брусиловский, Л. Хамиди, А. Черкасский, А. Селезнев жүздеген шәкіртті тәрбиелеп шығарды.

1941-1945 жылдары Қазақстанның мәдениет пен өнер саласы үшін маман даярлауда орасан зор, баға жетпес жұмыстар атқарылды десек артық айтқандық емес. Республикамыздағы музыка өнерін кәсіби тұрғыдан дамытушы, жүйелі музыкалық жоғары дәрежелі білімі бар өнерпаздарды даярлаушы тұңғыш жоғары оқу орны Алматы мемлекеттік консерваториясы да соғыс жылдарының жемісі.

Соғыстың алғашқы жылы-ақ КСРО-ның батыс аудандарынан эвакуацияланған білім ордалары, мәдениет және өнер қайраткерлері мен мекемелері оқу орындарының, мәдениет пен өнер ошақтарының даму деңгейін жаңа сатыға көтерді.

Материалдар мен әдістер

Мақала Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінен (ҚР ОМА) 1242 қор – Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы Өнер Істері Басқармасы, 1689 қор – Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясы, 1976 қор – Латиф Хамиди, 999 қор – Евгений Григорьевич Брусиловский, 755 қор – Абрам Маркович Черкасский, 1699 қор – Борис Григорьевич Ерзакович және Алматы қаласының мемлекеттік архивінен (АҚ МА) 81 қор – Музхоркомбинат, 66 қор – Алматы көркемсурет училищесі, 130 қор – Алматы музыка училищесі қорларынан алынған жарияланбаған дереккөздерге негізделген. Мұның ішінде АҚ МА-де сақталған сол жылдардағы республикадағы

санаулы мәдениет пен өнер арнаулы орта оқу орындары қорларының құжаттары мен материалдары ерекше қызығушылық тудырады. Білім ошақтарының соғыс жағдайына бейімделуі, оқуға қабылданушылар мен бітірушілер, студенттер мен оқытушылар тізімдері, білім алушылардың өміріндегі қалыптасқан аянышты ахуал, оқу орындары ұжымының тыл майданындағы еңбегі мен үлесі, жұмыс орнында қатаң тәртіп пен адалдықты сақтау жолындағы іс-шаралар, жалпы олардың күнделікті өмірінен ақпарат беретін бұйрықтар мен нұсқаулар, хаттар мен анықтамалар, естеліктер арқылы білім ошақтарының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қайғылы және қуанышты оқиғаларына куә боламыз.

Сонымен қатар, соғыс жылдарындағы музыка, театр және бейнелеу өнері саласындағы кәсіби білім берудің жекелеген мәселелерін зерделеуде тарихи куәгерлер – республика өнер қайраткерлері, білім алушылардың шығармалары мен естеліктері пайдаланылды. Бұл зерттеу тарих ғылымының негізгі қағидалары – объективтілік пен тарихилыққа негізделген. Мақалада жалпы ғылыми талдау және синтез, тарихи-салыстырмалы, проблемалық-хронологиялық, тарихи-жүйелік және статистикалық талдау сияқты тарихи әдістердің кешені қолданылды. Әдістер кешені Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кәсіби маман даярлаушы мәдениет пен өнер оқу орындарының дамуын уақыт призмасы арқылы зерттеуге мүмкіндік беріп, олардың қайнар көздері, құрылымы мен динамикасы, қол жеткізген нәтижелері талданды, республикалық және одақтық деңгейдегі жекелеген тұлғалардың есімдері мен үлесі анықталды.

Әдеби шолу

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жалпы Қазақстан мәдениеті мен өнері, мәдени үрдістер тарихының жекелеген аспектілерін зерттеудің теориялық және әдістемелік мәселелері бірқатар тарихшылар мен зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Олардың бірқатары 1960-1980 жылдары жарық көрді.

Бұл зерттеулердің қатарында соғыс басталысымен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің республиканың барлық бастауыш партия ұйымдары мен партия органдарынан партиялық-саяси, мәдени-ағарту және үгіт-насихат жұмыстарын майдан мүддесіне, жауға қарсы тұруды ұйымдастыру міндеттеріне жұмылдыру мәселесін арқау еткен, жалпы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан тарихы бойынша іргелі еңбектердің авторы М.Қ. Қозыбаевтың (Қозыбаев 1964) еңбегі бар.

Кеңестік Қазақстан мәдениеті тарихының белді зерттеушісі Р.Б. Сүлейменовтің талантты өнер шеберлері М. Төлебаев, Е. Брусиловский, А. Жұбанов, Л. Хамиди, Р. Елебаев, Б. Ерзаковичтің соғыс жылдары жазылған әскери лирикалық әндері мен марштары, Абай атындағы опера театрының қойылымдары, батыс аудандардан эвакуацияланған мәдениет пен өнер орталықтарының республиканың кинематография өнерінің дамуындағы рөлі туралы (Сүлейменов, Бисенов 1967; Сүлейменов 1972) зерттеу еңбегінің орны өзінше бөлек.

Қазақстанның жоғары оқу орындарының тарихынан құнды еңбектің авторы К.Ж. Жаманбаев монографиясының «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жоғары оқу орындарына партиялық басшылық (1941-1945)» бөліміндегі республика жоғары оқу орындарының жүздеген студенттері мен профессор-оқытушылары құрамының кеңес

әскері қатарына жазылып майдан шебіне аттануы, КСРО-ның батыс аудандарынан эвакуацияланған жоғары оқу орындары, профессор-оқытушылар саны туралы мәліметтері ([Жаманбаев](#) 1972) де құнды.

Кейбір қайталауларына қарамастан 1975 жылы жарық көрген Ш.Ю. Тастанов кітабындағы ел басына төнген соғыстың ауыртпашылықтары, 1942 жылдың күзіне республикадағы жоғары және арнайы орта оқу орындары санының қысқаруы, кейін эвакуацияланған оқу орындары есебінен қайта ұлғаюы, педагогикалық оқу орындарындағы оқу мерзімінің төрт жылдан үш жылға дейін қысқаруы, оқу орындары ұжымының оқу үрдісін кәсіпорын, ауыл шаруашылығындағы жұмыспен ұштастыруы ([Тастанов](#) 1975) туралы зерттеулерінің де өзіндік орны бар.

Тарихшы-ғалымдардың Қазақстан мәдениеті мен өнерінің дамуын, мәдени үрдістердің барлық табыстары мен жетістіктерін коммунистік партия басшылығымен, партия қолдауымен байланыстыруы, партиялық құжаттар ережелерін аксиома ретінде қабылдауы сол тарихи кезеңде үстем болған әдістемемен түсіндіріледі. Сол мезетте Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдениеті мен өнері, республиканың халық шаруашылығы үшін маман даярлау тарихына қатысты жарық көрген бұл алғашқы еңбектердің ғылыми құндылығы мен маңызы дәуірлер мен тарихи кезеңдер өзгерісіне қарамастан еш кемімейді.

Кейіннен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы мәдени үрдістер тарихы, ұлттық интеллигенцияның қалыптасу тарихы мәселелері, мәдениет пен өнер оқу орындары тарихының жекелеген аспектілері Қ. Құнантаева ([Құнантаева](#) 1982), Р. Жумашев ([Жумашев](#) 1990, 2010), С. Түменова ([Түменова](#) 1998), А.Т. Қапаева ([Қапаева](#) 2015), Р.С. Жарқынбаева ([Жарқынбаева](#) 2020), Е. Чиликова ([Чиликова](#) 2020), А. Жұмабекова ([Zhumabekova](#) 2020) зерттеулерінде көрініс тапты.

Соғыс жылдарындағы КСРО-ның батыс өңірлерінен Қазақстанға эвакуацияланған мәдениет ошақтары мен өнер қайраткерлері, республикадағы мәдени үрдістер туралы ақпарат шетелдік тарихшылар Л.А. Пинегина ([Пинегина](#) 1997), Е. Ворожейкина ([Ворожейкина](#) 2004), О. Жукова ([Жукова](#) 2016) еңбектерінде де кездеседі.

Зерттеу еңбектеріне шолу мақалаға арқау болып отырған арнаулы оқу орындарының Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі тарихының арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмағанын көрсетеді.

Нәтижелер

1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы халық ағарту, жоғары және арнаулы орта білім беру жүйесіне де салқынын тигізбей қоймады. Қазақстан экономикасының соғыс жағдайына бейімделуімен оқу орындарының жағдайы да шиеленісе түсті. 1940-1941 оқу жылы одақ бойынша жоғары өнер және кинематография оқу орындарының саны 30-ға жетсе, Қазақстанда бұл сала бойынша жоғары оқу орны мүлдем жоқ еді. Ал республикадағы 118 арнайы орта оқу орнының ([Народное хозяйство Казахстана за 60 лет 1980: 210–236](#)) қатарындағы санаулы ғана мәдениет пен өнер оқу орындарының жағдайы қиындай бастады.

Соғыс жағдайына байланысты ең алдымен оқу орындары құрылымдық өзгерістерге ұшырады. Бірнеше оқу орындарын өзара біріктіру арқылы басшылықты бір жерден

шоғырландыру, осылайша штаттарды қысқарту есебінен қаржыны үнемдеу, екінші жағынан, КСРО-ның батыс аудандарынан эвакуацияланған кәсіпорындар, оқу орындары, мекемелер мен мыңдаған халықты орналастыру үшін үй-жайлар босату сияқты қажеттіліктен туындаған шаралар оқу орындарының жағдайын тіпті күйзелтіп жіберді.

ҚазКСР ХКК жанындағы Өнер Істері Басқармасының 1941 жылдың 26 тамызындағы өз алдына дербес өмір сүріп келген үш оқу орны П.И. Чайковский атындағы музыка училищесі, хореография училищесі және балалар музыка мектебін біріктіріп Чайковский атындағы Музхоркомбинатты құру туралы шешімі шықты¹.

Артынша 1941 жылдың 2 қыркүйегіндегі Өнер Істері Басқармасының үш оқу орнын біріктіру туралы бұйрығы негізінде (№437) Комбинат директоры болып С. Құсманғалиев тағайындалды. Көп уақыт өтпей директор С. Құсманғалиевтің бұйрығымен (№5) Комбинаттың 68 адамнан тұратын штаты бекітіліп, 19 адамның қызметі қысқарып, жұмыстан босатылды². 1941 жылдың 15 қарашасынан оқытушылардың еңбекақы қорына бөлінетін сметалық қаражаттың қысқаруына байланысты тағы 5 оқытушы педагогикалық қызметінен кетуге мәжбүр болды³. Комбинат құрамына кірген музыка училищесі вокал, дирижер-хор, композитор, фортепиано, үрмелі аспаптар, ішекті аспаптар, халық аспаптары, музыка теориясы сияқты сегіз бөлімнен, ал хореография училищесі бір ғана классикалық би бөлімінен тұрды.

Ұлы Отан соғысының басталуымен 1941 жылдың 6 шілдесіндегі КСРО ХКК жанындағы Өнер Істері Комитетінің Төрағасы М. Храпченконың Бұйрық хатымен «өнер ЖОО мен училище директорларына «барлық өнер мекемелері мен оқу орындарының қызметін соғыс уақытындағы жағдайға қатаң сәйкестендіру, ғимараттарды өрттен қорғау, әуе қорғанысын қамтамасыз ету, үй-жайлар, жабдықтар мен мүлікті мұқият қорғауды ұйымдастыру, еңбекте қатаң тәртіп пен адалдықты сақтау, басшы органдардың нұсқаулары мен шешімдерін сөзсіз орындаудың»⁴ қажеттігі ескертілген еді.

Соған орай оқу орны мемлекет пен Музхоркомбинаттың қаржылық және материалдық ресурстарын барынша жұмылдыру және үнемдеу саясатын ұстанып, шығынды мүмкіндігінше азайту бағытында мақсатты жұмыс жасады.

Сондай маңызды шараның бірі электр энергиясын үнемдеу және пайдалану жолындағы іс-шаралар мен ережелер болды. Мәселен, Музхоркомбинат бойынша бір шаршы метрге 7 ваттан аспайтын жарықтандыру стандарттары белгіленіп, түнде алдыңғы кіреберістерді жарықтандыру үшін 60 ваттан аспайтын бір шамды ғана қалдыру, комбинаттың ішінде ғана емес, оқу орнына тиесілі пәтерлерде де электр пештерін жылытуға және пайдалануға тыйым салу, 1941 жылдың 1 қыркүйегінен 1942 жылдың 1 сәуіріне дейінгі күзгі-қысқы маусым кезеңінде кешкі уақытта (18.00-ден 22.00-ге дейін) жылыту құрылғыларын шаруашылық қажеттіліктеріне пайдалануға тыйым салу, табиғи жарық түсетін бөлмелерде күндізгі уақытта электр шамдарын қосуға тыйым салу және т.б. шектеулер мен ескертулер енгізілді⁵. Мұның сыртында комбинатқа тиесілі сексеуілді рұқсатсыз әкету, комбинат мүлкін жымқыру, тәртіпсіздік, студенттердің қалада тіркеуге отырмауы сияқты кез келген келеңсіз оқиғалар мен құқық бұзушылықтың алдын алуға немесе қатал «жаза» қолдануға мәжбүр болды. 1941 жылдың 12-24 қарашасы аралығында ғана Комбинаттан 11 студент (қазына мүлкін ұрлағаны үшін Жаркимбаев; Алматы қаласында тіркеуге отырмаған Бабчин, Мазальская, Карлик-Лебензон, Төлебаев, Хитров, Матыбаева, Досымжанова, Вахарьер, Нечаев; тәртіпсіздігі үшін Серов) оқудан шығарылады⁶.

1944 жылдың көктеміне таман Комбинаттың кредиторлық қарызының 6,4 мың сомға артқанын байқаймыз⁷. Тіпті Комбинатқа тиесілі үш жылқыға қажетті азықтың жетіспеуі және бөлінген қаражаттың болмауы салдарынан, екі жылқыны басқа ұйымға беруге немесе сатып, түскен қаржыны мемлекет кірісіне өткізу үшін Өнер Істері Басқармасының Бастығы Толыбековтің рұқсатын сұраған Комбинат директоры Круглыхиннің хаты сол жылдардағы қалыптасқан күрделі ахуалды анық көрсетеді⁸.

Музхоркомбинат оқытушылары мен қызметкерлерінің еңбекақысының жүйелі түрде уақытында төленбеу фактілері де орын алды. Тек 1945 жылдың қаңтарында 73 педагог пен 37 әкімшілік-қызмет көрсету персоналының 70931 сом еңбекақысы 24 күннен 40 күнге дейін кешіктіріліп берілсе, осы жылдың 11 сәуіріне 72 педагог пен 13 әкімшілік-қызмет көрсету персоналы ақпан айының 58775 сом көлеміндегі еңбекақыларын ала алмаған⁹.

Соғыс оқу орнының үйреншікті тыныс-тіршілігін бұзғанымен, Музхоркомбинаттың жұмысына кедергі бола алмады. Соғысқа дейінгі қолданыстағы оқу озаттарына арналған шәкіртақы туралы Ережеге сәйкес 1941 жылдың 1 қыркүйегінен 31 үздік студентке 65-145 сом аралығындағы мемлекеттік шәкіртақы тағайындалып, мұқтаж 6 студентке 100 сом көлеміндегі біржолғы жәрдемақы берілді¹⁰.

1942 жылы Комбинат жанынан қазақ халық аспаптарында ойнау класы (қобыз, домбыра) ашылды. Жаңа бөлім басшысы болып Қазақ КСР Халық әртісі Л. Хамиди тағайындалды.

Сонау 1934 жылы №13 балалар үйінің жанынан оның дарынды тәрбиеленушілері үшін құрылып, ҚазКСР Халық Ағарту Комиссариатына, кейіннен ҚазКСР ХКК жанындағы Өнер Істері Басқармасына қараған музыка-хореография мектебінің интернаты 1944 жылы Музхоркомбинат қарамағына өтті.

1944 жылдың 10 наурызында ҚазКСР ХКК жанындағы Өнер Істері Басқармасы Бастығының орынбасары Л. Глаздың бұйрығымен (№106) дайындалған осы интернат туралы Ереже мен Нұсқау назар аудартады. Ереже мен Нұсқауға сәйкес, интернатқа халықтың материалдық жағынан аз қамтылған топтарының балалары, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, ата-анасының асырауға мүмкіндігі жоқ дарынды балалар, Ұлы Отан соғысының майдангерлері мен ата-аналарынан айырылған эвакуацияланған балалар, сонымен қатар музыка мектебін тәмамдап оқуын музыка училищесінде жалғастырушы студенттер, республиканың облыс, аудандарынан келген дарынды қазақ балалары толық мемлекет қолдауына ие болды¹¹.

Соғыс жылдарының тауқыметі, оның ішінде, студенттердің Кеңес Әскері қатарына майданға аттануы, көп жағдайда қолайсыз материалдық жағдайлар, қаладан кетуге шешім, жұмысқа тұруға мәжбүрлілік студенттер контингентінің динамикасына, олардың оқуын жалғастыруына кері әсерін тигізді. Дегенмен, Музхоркомбинат 1941-1945 жылдары төмендегідей студенттер контингентін даярлап шығады¹²:

Кесте 1. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Музхоркомбинатты бітірушілер контингенті
Table 1. The contingent of graduates of the Muzhorkombinat during the Great Patriotic War

Оқу орны	1941 жыл	1942 жыл	1943 жыл	1944 жыл	1945 жыл	Барлығы
Музыка училищесі	10/2	16/3	11	17/3	5	59/8

Хореография училищесі	-	10/7	-	5/4	7/4	22/15
Музыка мектебі	6/6	12/6	9/3	15/8	17/5	59/28
Барлығы	16/8	38/16	20/3	37/15	29/9	140/51

(*жұп саны – студенттердің жалпы саны, тақ саны – қазақ балаларының саны)

Осылайша, 1941-1945 жылдары Музхоркомбинатты 140 студент тәмамдап, олардың 51-і қазақ балалары болды. Музхоркомбинат құрамындағы кәсіби арнаулы орта білім беруші музыка училищесі мен хореография училищесін бітіруші 81 студенттің ішінде қазақ балаларының 23 болуы, яғни 28%-ды ғана құрауын мына жағдайлармен түсіндіруге болады: 1. П. Чайковский атындағы музыка училищесіне қабылданған студенттер контингенті құрамындағы қазақ студенттері санының тым аздығы, оқуға жергілікті қазақ жастарының нашар тартылуы еді. Мәселен, 1941 жылы 28 тамыздағы 1 курсқа қабылданған 64 студенттің тізімінен 13 студенттің ғана қазақ балалары екенін байқаймыз. Осы тізімнен нұсқаушы-педагогикалық бөлімге түскен 16 студенттің ішінде кеңес, қазақ камералық және опера әншісі, КСРО халық әртісі (1959), Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының (1972) және КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1977) лауреаты, Социалистік Еңбек Ері (1986) Ермек Серкебаевтың есімін көреміз¹³. 2. Оқу орнының директоры Ахметовтің берген есебіне сүйенсек, осы екі училищедегі 62 оқытушының 4-еуі ғана қазақ өкілі болған. Олар қазақ тілі, күйлерді зерттеу, жеке фортепиано және жалпы фортепиано пәндерінен сабақ берген¹⁴.

Кейін Музхоркомбинат басшылығы үкіметтен оқу орындарының мүлдем басқа оқу жоспарлары және оқу процесінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқу орнын соғысқа дейінгі қалпына келтіруді сұрап бірнеше рет ұсыныс жасайды. Соғыс жылдары қажеттіліктен туындаған мәселе 1951 жылы ғана өз шешімін тауып, үш дербес оқу орны П.И. Чайковский атындағы музыка училищесі, хореография училищесі және Ә. Қашаубаев атындағы музыка мектебі құрылды¹⁵.

Қазақстандағы алғашқы, әрі санаулы арнайы орта оқу орындарының бірі - 1938 жылы дербес оқу орны ретінде құрылған Қазақ мемлекеттік көркемсурет училищесі мен музыка училищесінен бөлініп шыққан театр училищесі де соғыс жағдайына байланысты ҚазКСР ХКК жанындағы Өнер Істері Басқармасының 1941 жылдың 2 қыркүйегіндегі Бұйрығына (№437) сәйкес өзара біріктіріліп, театр-көркемсурет училищесі деп аталды. Училище директоры болып С. Кенчинбаев, көркемдік жетекшісі ретінде Б.В. Бибилов тағайындалды¹⁶.

Бұл біріктіру екі факультеттің оқу үрдісін жүргізуде қолайсыз болып шықты. 1941 жылдың қыркүйегінде оқу орнында не бәрі төрт дәрісхана, екі шеберхана бар еді. Ал училищедегі оқу топтарының саны он бес болатын. Актер шеберлігіне шыңдайтын арнайы сахна да болмады. Тіпті кейбір сабақтарды оқытушылар өз үйлерінде өткізуге мәжбүр болған. «...Училище пайдалануында Суретшілер Одағынан жалға алынған екі сыныптық бөлме болып, сабақ үзіліссіз екі аусыммен таңертеңгі сағат 8.00-ден түнгі 23.00-ге дейін жүргізілді...»¹⁷.

Соғыс жағдайындағы ахуалды училище түлектерінің бірі, кейін училищеде ұзақ жылдар еңбек етіп, жүздеген мамандардың тәрбиешісі болған Ақрап Құдайбергенұлы

Жұбанов былай деп еске алады: «Қиын заман, соғыс кезі еді, біз оқыған екі қабатты үй ескі, тар бөлмелері бар, пешпен жылытылатын, қатты тоңатынбыз...» (Джиликбаев 1998: 5).

Соғыс жылдарындағы училищедегі күрделі жағдайды оқу орнының басшысы Л.А. Рехсонның ҚазКСР Өнер Істері Басқармасы Басшысы Лихачевка жазған хатынан да көреміз¹⁸. Хат мазмұнын зерделеу училищеде қалыпты оқу процесін жүргізуге кедергі болып отырған мына жәйттарды көрсетеді: 1. Жазғы 3 айлық шөп жинаудан оралған студенттер аяқ киімсіз, жыртылып, әбден тозығы жеткен киіммен оралып, енді суықтың түсуімен сабаққа киетін киімнің болмауынан сабақты жіберу фактілері жиілеген. Әсіресе, балалар үйлерінен келген, ата-аналарынан айырылған эвакуацияланған балалар мен майданнан оралған студенттердің жағдайы мүшкіл болған. Директор халі мүшкіл 30 студентті қолма қол ақшаға немесе талон арқылы аяқ киім, шалбар, қысқы пальто, іш киіммен қамтамасыз етуді сұрайды. 2. 1942 жылдың 10 қазанынан студенттердің негізгі бөлігін таңғы аспен қамтамасыз ету тоқтатылып, трест асханасында 70 студенттің орнына 36 студентке ғана рұқсат берілген және қараша айынан мүлдем тоқтатылатыны ескертіледі. Ал училищедегі студенттердің 20-ы тұл жетім, 27-і Қызыл Әскер жауынгерлерінің балалары, Ұлы Отан соғысының мүгедектері – 13 студентті құрайды. Училищенің өз асханасын ашуы үшін ғимарат мүлдем жоқ. Тіпті оқу сыныптары жетіспейді. 3. Училищенің Фурманов көшесі бойындағы 100-үйде орналасқан жатақхана бөлмесін біреулер иемденіп, училище студенттері – Ұлы Отан соғысы мүгедектері өздерінің уақытша орналасқан жерлері І Алматыдан келуге мәжбүр болған.

Училище директоры ҚазКСР КП Орталық Комитетіне 1943 жылдың 5 мамырында осы сипаттағы хатты тағы жолдап, училище студенттерінің күніне 400 грамм нан мен студенттік асханадан 1 реттік тағамнан басқа жейтін асы жоқ екенін айтып дабыл қағады¹⁹.

Еліміздегі барлық ұйым-мекемедегі сияқты мұнда да еңбек және оқу тәртібін сақтау басты ереженің бірі болды. Училище өзінің ішкі ереже-тәртібін әлсіретпеуге тырысты. Сабақұлгерімі нашар, себепсіз жүйелі түрде сабаққа қатыспайтын студенттеріне қатысты «жаза» түрлері ретінде академиялық қарыздарын жойғанша шәкіртақысынан айыру, тәртіп бұзып шектен шыққан жағдайда қатаң сөгіс жариялау, интернат асханасында тамақтану мүмкіндігінен айыру, тіпті оқудан шығаруға дейінгі шараларды қолданып отырды²⁰. Мұндай «жазаға» оқытушылар мен басқа қызметкерлер де ілікті.

Соғыс жылдары оқу жоспарының орындалмауы фактілері де жиіледі. Оның негігі себептері қатарында: – студенттердің ауыл шаруашылық жұмыстарына тартылуы себепті оқу процесінің 1 айға кеш басталуы; – актер шеберлігі, сөйлеу техникасы пәндерінен оқытушылардың болмауы; – жоғарғы курс студенттерінің біраз бөлігінің Қызыл Әскер қатарына алынуы; – оқу жылы аяқталмай тұрып жекелеген оқытушылардың майданға аттануы болды.

Архив құжаттарымен танысу осындай қиын жағдайға тап болған училище басшылығы мен ұжымының соғыстың ең қиын уақытында әкелері майданда қаза тапқан немесе жараланған тәрбиеленушілері, соғыстан қайтқан жауынгер-білім алушылар, ата-анасынан айырылған эвакуацияланған студенттерінің рухын көтеру, қолдау мақсатында түрлі деңгейдегі іс-шараларды жүзеге асырып, материалдық көмек, түрлі қолдаулар көрсетуі сүйсіндіреді. Мәселен, ҚазКСР ХКК Бұйрығына (№ 4, 6/1-43ж.)

сәйкес, 21 қазақ балалары мен 14 востнацмендерді (азшылықты құрайтын шығыс халықтарының өкілдері – авторлар) 1942/1943 оқу жылының 2-жартысында оқу ақысын төлеуден босатып, бұлардың 31-іне шәкіртақы тағайындалады. Тізімнен 1941 жылы студент атанған, кейіннен Қазақ КСР Халық суретшілері Молдахмет Кенбаев пен Айша Ғалымбаева есімдерін көруге болады. Осы училищенің 3-курсында оқып жүріп «Еңлік-Кебек» пьесасында Еңлік рөлін сомдаған, Қазақ КСР Халық Әртісі (1966) Бекен Римоваға сәтті рөлінен соң ата-анасына барып қайту үшін төрт күндік демалыс беріледі²¹.

Мұның сыртында зейнеткерлердің балалары, Қызыл Әскер жауынгері, Ұлы Отан соғысының ардагері, балалар үйінің тәрбиеленушілері, оқу озаты ретінде 16 студент – славян халықтарының өкілдері де 1942/1943 оқу жылының 2-жартысында оқу ақысын төлеуден босатылады²².

Студенттер қоғамдық жұмысқа белсене қатысқаны, 8-март халықаралық әйелдер күні және 1-мамыр Еңбекшілер күніне орай үздік оқуы, әскери-шефтік жұмысқа белсене қатысқаны үшін, ал профессор-оқытушылар құрамы үздік оқытушылық қызметтері үшін түрлі марапаттар мен бонустарға ие болып отырды²³.

Еңбекке жарамды ер азаматтардың Қызыл Әскер қатарына жұмылдырылуымен, халық шаруашылығының қай саласы болмасын жаңа жұмыс күшіне зәру еді. Соның бірі ауыл шаруашылығындағы, егістік алқаптарындағы маман тапшылығы болды. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген бір ұранмен өмір сүрген тыл еңбеккерлерінің тынымсыз еңбегі училище ұжымын да жайбарақат қалдырмады.

Жоғарыда аталған 1941 жылдың 6 шілдесіндегі КСРО ХКК жанындағы Өнер Істері Комитетінің Төрағасы М. Храпченконың Бұйрық хатындағы «өнер ЖОО мен училище директорларына жазғы демалыс кезінде студент-аспиранттар мен профессор-оқытушылар құрамын өнеркәсіп, көлік, егін жинауға..., Қызыл Әскер, флот және тұрғындарға көркемдік қызмет көрсетуге кеңінен пайдалану...» тапсырмасына орай училище дирекциясы 1942 жылдың 16 ақпанынан өз ұжымын даладағы ауыл шаруашылығы жұмыстарына жұмылдыру және трактор ісіне үйрету мақсатында 73 студент, оқытушы және қызметкерлерден тұратын төрт топ үшін 70 сағаттық дайындық курстарының жұмысын бастайды. Жаз айында Лепсі совхозында 3 ай бойы, 1943 жылдың жазында Ақсу ауданының «Ақсу» совхозында 59 адам далада егін-шөп жинаумен айналысады. Мұның сыртында училище студенттерінің күшімен ауыл шаруашылығы қызметкерлері үшін бірнеше концерттік нөмірлер дайындалады²⁴.

Ұлы Отан соғысы жылдары әскер қатарына Қазақстаннан 1 миллион 210 мың адам шақырылып (Алдажуманов, Шилдебай, Асанова 2020: 21) белсенді әскер қатарында, жауынгерлік құрамда болғаны белгілі. Міне, осы жауынгерлік құрамда аталмыш училище ұжымының өкілдері де болып, отан қорғау ісіне өз үлестерін қосты.

1941 жылдың 1 қыркүйегінен 1942 жылдың 1 ақпаны аралығында, яғни бес ай ішінде ғана училищенің 14 студенті Қызыл Әскер қатарына жазылып, майданға алынса, 1942 жылдың 1 қазанынан 1943 жылдың 1 наурызы аралығында тағы 12 студент соғысқа аттанады. Мұның сыртында бірнеше оқытушы мен қызметкерлер әскер қатарына шақырылады²⁵.

Осылайша, республикамыздағы мәдениет пен өнер саласының арнаулы орта оқу орындары да Ұлы жеңіске өз үлестерін қосып, тынбай еңбек етті.

Соғыс қарсаңында 1939 жылы сәуірде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің Өнер Істері Басқармасы еліміздің арнайы театр, көркемсурет және музыка оқу орындары

басшыларының Бүкілодақтық мәжілісін өткізді. Онда үшінші бесжылдықтағы мәдениет пен өнер мамандарын даярлау жолдары, ұлттық республикалардың орталықтары мен ірі қалаларында 10 музыка училищесі, 8 көркемсурет және 2 театр училищелерін ашу туралы жоспар бекітіліп, мәселе төңірегіндегі басқа да шаралар қаралған еді. Дегенмен, 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы бұл жоспардың орындалуына мүмкіндік бермеді. Солай болғанымен де мәдениет пен өнер саласы бойынша жоғары және арнайы орта білім беру, музыка мен театр өнері мекемелерінің мамандармен толығыуы, тиісті үкімет органдары мен ведомстволарының, білім ошақтары ұжымының тынымсыз еңбегі Ұлы Отан соғысы жылдарында да бір сәтке толастаған жоқ.

Соғыс жылдарының мәдениет саласындағы ірі оқиғасы – үкіметтің музыка өнерін кәсіби тұрғыдан дамыту, жүйелі жоғары дәрежелі музыкалық білімі бар өнерпаздарын даярлау мақсатымен 1944 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясын ашу туралы шешімі болды. Осылайша, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1944 жылғы 24 шілдедегі № 420 қаулысы негізінде Музыка-хореография комбинатының базасында 1944 жылы 1 қазанда Алматы Мемлекеттік консерваториясы құрылды²⁶. Консерваторияның тұңғыш ректоры болып тәжірибелі ұстаз және дарынды ұйымдастырушы, республикадағы музыкалық білім беру ісінің көрнекті қайраткерлерінің бірі Иван Васильевич Круглыхин тағайындалса, артынша үкімет өзінің 1945 жылғы 27 желтоқсандағы № 378 бұйрығымен Ленинград консерваториясының 1932 жылғы түлегі, қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған аға буын композиторларының бірегейі Ахмет Жұбановты консерватория ректоры етіп тағайындады²⁷.

Соғыс жағдайына байланысты «консерваторияда оқу 1945 жылдың басында басталды. Консерваторияға Қазақстанның түкпір-түкпірінен ынталы жастар ағылып келе бастады. Қазақ тарихында бірінші рет скрипка, рояльмен қатар домбыра, қобыз да консерваторияда оқытылатын негізгі пәндердің бірі болды...» (Жұбанов 1946: 4).

Алғашқы 1944-1945 оқу жылында консерваторияға қабылдау емтиханы нәтижесінде фортепиано бөліміне – 14, әндік бөлімге – 37, тарихи-теория бөліміне – 6, шертпелі аспаптар бөліміне – 3 және тағы басқа бөлімі бар, барлығы 112 студент қабылданса, олардың ішінде 65-і қазақ балалары болды²⁸. Студенттер негізінен музыка училищесінің түлектері, опера театры мен филармония жастары, 50-ге жуық студенттер қатарын майданнан қайтқан сарбаздар толықтырды. Алғашқылардың бірі болып жаңа ашылған Алматы мемлекеттік консерваториясына оқуға түскен студенттер қатарында композитор, өнертану ғылымының докторы (1966), профессор (1970) Борис Гиршевич Ерзакович бар еді²⁹.

Оқу орындарының қалыптасу және одан әрі даму үрдісінің табыстары мен тиімділігін қамтамасыз ететін фактордың бірі оқу орнының материалдық-техникалық инфрақұрылымы екендігі аян. Бұған дәрісхана, кітапхана мен оқу залдары, зертхана, асхана мен жатақханаларға қойылар талаптың деңгейі жатады. Осы тұрғыда архив деректеріне жүгінсек, консерватория алғаш өз жұмысын өте ауыр жағдайда бастағанын көреміз. Мәселен, 1944/1945 оқу жылында консерваторияның оқу ғимараты 11 кластық (328 м²) бөлмелер мен марксизм-ленинизм кабинетінен тұрған. Оған қосымша кітапхана (52,2 м²) және музыка шеберханасы (28 м²) болған. Алайда, консерваторияның өзіне тиесілі студенттер жатақханасы мен асханасы, оқу залы мүлдем жоқ болатын³⁰.

Алғаш құрылғанда консерватория бес факультет және сегіз кафедрадан тұрды. Олар: фортепиано, оркестр, ән (вокал), хор-дирижер, тарихи-теория факультеттері еді. Кафедраларға белгілі өнер шеберлері-педагогтар, республикамыздағы кәсіби музыкалық білімнің негізін қалаушылар басшылық жасап еңбек етті. Олардың арасында А. Жұбанов, Е. Брусиловский, Л. Хамиди, К. Петров, Л. Кельберг, Е. Антопольский, И. Лесман және тағы басқалар болды.

Татарстанда туып, Мәскеудің бірнеше музыкалық оқу орындарында білім алған Латиф Хамиди 1933 жылы Қазақстанға жұмысқа шақырылып, Қазақ Мемлекеттік драма театрында музыка бөлімінің меңгерушісі, композитор-дирижер қызметін атқарған еді. 1944 жылы П.И. Чайковский атындағы Алматы музыка училищесінде жұмыс істеп жүрген жерінен осы Алматы мемлекеттік консерваториясына ауысады. Кейіннен ұстаз осы Алматы мемлекеттік консерваториясындағы қызметін былайша есіне алады: «1944 жылдың 17 қарашасынан бүгінге дейін үздіксіз (25 жыл) қызмет етіп келемін. Институттағы қызметім ішінде мынадай пәндерден сабақ бердім: музыка теориясы, сольфеджио, гармония, оркестрмен жұмыс істеу әдістемесі, дирижерлік. 1945 жылы күзде қазақ халық аспаптары кафедрасының құрылуымен соның жұмысына араластым...»³¹.

1933 жылдан тағдырын Қазақстанмен байланыстырған, Ленинград мемлекеттік консерваториясының түлегі, Ростов-на-Дону қаласының тумасы Е. Брусиловский да тынбай еңбек етті. Ол консерваториядағы жиырма алты жыл қызметі ішінде Қазақстан композиторларының үлкен тобын даярлап шығарды. Ұстаз шәкірттерінің ішінде еліміздің белгілі композиторлары Қ. Қожамяров, Е.Е. Рахмадиев, Л. Афанасьев, Б. Байқадамов, А. Зацепин, С. Мұхамеджанов, А. Бычков, К. Мусин т.б. болды. Музыкатанушы-педагог, Қазақстанның Еңбек Сіңірген қайраткері (1995) Ю. Аравин жазғандай «Е. Брусиловскийдің педагогикалық және тәлімгерлік қызметтегі жетістіктеріне тоқталмасақ, оның шығармашылық портреті толық болмас еді. Өйткені, шын мәнінде, тұтас композиторлар мектебі, қазақ композиторларының бір тобы Алматы мемлекеттік консерваториясының қабырғасында, оның композиторлық сыныбында қалыптасты» (Аравин 2017: 156). Кейіннен Е.Г. Брусиловский өз шәкірттері туралы мақтанышпен былай деп жазды: «Менің шәкірттерім қазіргі уақытта Қазақстан музыка мәдениетінің шыңында тұр. Мәселен, Қ. Қожамяров профессор, консерватория ректоры, Е. Рахмадиев опера театрының директоры, С. Мұхамеджанов филармония директоры ...»³².

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтың ерен еңбегі мен ерлігі, білікті маман даярлау міндеті профессор-оқытушылар құрамынан да табанды шығармашылық ізденісті талап етті. Соғыс тауқыметін тартып күйзелген, жеңіс күнін сарғая күткен халықтың рухын көтеру, майдан мен тылдағы ерлікті дәріптеу сол ауыр күндердің талабы болды.

Мұның сыртында Ұлы Отан соғысының басталуымен 1941 жылдың 6 шілдесіндегі КСРО ХКК жанындағы Өнер Істері Комитетінің Бұйрық хатындағы «өнер ЖОО мен училище директорларына ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптарын соғыс жағдайына байланысты маңызды тақырыптарға икемдеу» тапсырмасы тағы бар еді³³.

1942 жылы Е. Брусиловскийдің халқымыздың фашист басқыншыларына қарсы ерлік күресін арқау еткен «Гвардия, алға!» (либреттосы Мұқановтікі) операсы сахнаға шығарылды. Төрт бөлімнен тұратын «Сарыарқа» атты бірінші қазақ симфониясын жазып, ол 1944 жылы Ташкентте өткен Орта Азия мен Қазақстан музыкасының алғашқы

онкүндігінде алғаш рет орындалды, оған композитордың өзі де қатысты. 1941-1944 жылдары А.Қ. Жұбановтың «Москва» , «Қарлығаш», «Колхозшылар, сал әнді» әндері мен қаза тапқаннан соң Кеңес Одағының Батыры атағы берілген қазақ жігіті Төлеген Тоқтаровқа арнап Л. Хамидимен бірігіп жазған «Төлеген Тоқтаров» операсы, «Қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы» кітабы жарық көрді. Л. Хамидидің жігер беретін патриоттық әндері «8-ші дивизия туралы ән», Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметоваға арналған «Батыр қыз», Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш Нұркен Әбдіровке арналған «Нұркен», «Партизандар», «Бәрі де майдан үшін» әндері өмірге келді. Л.Хамидидің шығармашылығының шыңы болып табылатын М. Әуезовтің либреттосына А. Лобановпен біріге отырып, жазған «Абай» операсы 1944 жылдың желтоқсанында ұлы ақынның туғанына 100 жыл толуына орай Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында қойылды (Жұмабаева 2010: 312).

Соғыс ауыртпалықтары кәсіби білім беруді мүлдем тоқтата алмады. Керісінше, 1941-1945 жылдары КСРО бойынша жоғары және арнаулы орта білім беруде мықты орталықтардың бірі Қазақстан болды. Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанда мәдениет пен өнер саласында маман даярлауда орасан зор, баға жетпес жұмыстар атқарылды. Соғыстың алғашқы жылы КСРО-ның батыс аудандарынан Қазақстанға эвакуацияланған кәсіби білім ошақтары, мәдениет пен өнер қайраткерлерінің республикамыздағы кәсіби білім беру, маман даярлау, дарынды қазақ жастарын тәрбиелеудегі қосқан үлесі мен рөлі айтарлықтай болды. Соғыс жылдары республикамызға 22 жоғары оқу орны, 8 мыңнан астам студент, 545 оқытушы көшіріліп әкелінген еді. Олардың қатарында 98 ғылым докторы, профессор, 210 ғылым кандидаты, доцент болған (Жаманбаев 1972: 67–68; Тастанов 1975: 110–111). Ленинград, Мәскеу, Киев, Харьков және басқа қалалардан 23 өнер ұжымы көшіп келді (Қазақстан тарихы, 2010:508). Олардың ішінде Моссовет атындағы Мәскеу театры, «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудиялары, Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институты (ВГИК), Бүкілодақтық сценарий студиясы Алматыда орналасты. 1941-1942 жылдары қалаға 100 мыңға жуық адам қоныстандырылады, барлығын үй-жаймен, азық-түлікпен қамтамасыз ету керек болды, қаладағы әрбір кішкентай бөлме, әрбір отбасы есепке алынды. Қаладағы өмір сүру жағдайлары да күн сайын қиындай берді. Эвакуацияланған шығармашылық қауымның өкілдері де соғыс ауыртпалықтарын қала халқымен бірге көрді. Дұрыс тамақтанбау, тіпті жиі аш жүру, оған қосылған ауру салдарынан шығармашылық жұмыспен айналысулары қиындай түсті. 5 адамнан тұратын отбасына бір ғана түскі ас алу мүмкін болды (Чиликова 2020).

Эвакуацияланғандар қатарында Ленинград консерваториясынан профессор Нахутин, Одесса консерваториясының профессоры Чагадаева, Кишинев консерваториясының профессоры Гуз, Мәскеу консерваториясының профессоры Юровецкий, Киев көркем-сурет институтынан профессор Черкасскийлер болды³⁴.

Бұлардың ішінде Украинаның Белая Церковь қаласының тумасы, алғашқы кәсіби білімін Киев көркем-сурет училищесінде алып, кейіннен Петербург Көркемсурет Академиясын тәмамдаған, еліне Украинаға оралып 1935 жылы кескіндеме профессоры атанған Абрам Маркович Черкасскийді ерекше атауға болады³⁵. Профессор өзінің педагогикалық қызметін 1941жылдан Қазақстанда жалғастыруға мәжбүр болды. 1941 жылдың 2 қыркүйегінде театр-көркемсурет училищесінің директоры С. Кенчинбаевтің

бұйрығымен (№ 149) Бейнелеу өнерінің тарихы бойынша оқытушылық қызметке алынды³⁶. Соғыстан кейін Алматыда қалып, Алматы көркемсурет училищесінде жиырма жылдай ұстаздық қызметте болды. Соғыс жылдары студент атанған, кейіннен республикамыздың көркемсурет шеберлері К. Телжанов, С. Мамбеев, М. Кенбаев, Г. Исмаилова, т.б. мамандарды тәрбиелеп шығарды. «Черкасский көп уақытын, күш-жігерін және бар назарын сабақ беруге жұмсады, ол «мен үшін сабақ беру өте қажет, менің дәрістерім студенттер үшін қаншалықты пайдалы болса, мен үшін де соншалықты пайдалы», – деп айтатын. Суретші Қазақстанның бүгінгі суретшілер қауымының тұтас бір ұрпағын тәрбиелеуде орасан зор еңбек жасады». Белгілі суретші, училищенің 1943 жылғы түлегі Гульфайрус Исмаилова 1998 жылы «Новое поколение» берген сұхбатында ұстазы туралы жылы лебізін былайша білдіреді: «майлы бояумен сусындатқандай суретке деген фантастикалық сүйіспеншілігімді оятқан көркемсурет училищесінің оқытушысы Абрам Черкасскийге деген алғысым шексіз». 1942-1943 жылдары профессор А. Черкасский отқа оранған шағын отаны Украинаға арнап «Мұнда фашистер болды» («Здесь были фашисты»), «Днепрдегі қасірет» («Трагедия на Днестре») картиналарын жазып шықты.

1942 жылы Алматыға келген кеңес балетінің аңызы Галина Уланова республикадағы қазақ балетінің дамуына үлкен үлес қосты. Музхоркомбинат құрамындағы хореография училищесінің жұмысына да белсене араласты. Алматы Хореография училищесінде жиырма жыл оқу бөлімін басқарып, оқытушылық қызмет атқарған А.В. Селезнев былай деп еске алады: «Галина Сергеевна біздің хореография училищемізге көп уақытын арнады. Ол репетиция жүргізді, қажет кезде емтихан қабылдады және маған да құнды кеңестерін берді. Суық, көктайғақ күндері де біздің жаман сарайға келіп, студенттеріммен бірге жұмыс істейтін. Галина Сергеевнаның көмегімен 1942 жылдың көктемінде мектебіміздің алғашқы түлектерін дайындадық. Ол, әрине, ертерек болды. Бірақ соғыс ерекше еңбек жағдайларын талап етті. Театрға жаңа мамандар қажет болды, біз оған қазақ балетінің осы жаңа ұлттық мамандарын дайындап бердік» ([Жумасеитова 2020: 45](#)). Балерина Қазақ сахнасында 1942 жылы 18 маусымда хореограф Ю. Ковалев қойған «Бакшасарай фонтаны» балетінде өнер көрсетті.

Мәскеу музыка училищесінің түлегі, 1923-1933 жылдары Неаполь, Флоренция, Париж, Мадрид, Нью-Йорк қалаларында ән салған А.М. Курганов 1944 жылдан Алматы консерваториясында ұстаздық етіп, Е. Серкебаев, Р. Жаманова тәрізді шәкірттер тәрбиеледі.

Соғыс жылдары Алматы қаласында жұмыс істеген Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институты ұлттық кадрлар даярлауға кірісті. «Қазақ өнерінің көптеген озық шеберлері – Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Шәкен Айманов мәңгі есте қаларлық тұлғалар», – деп жазды кейін еңбек сіңірген өнер қайраткері, педагог, КСРО Халық Әртісі Григорий Рошаль ([Қазақстан тарихы 2010: 508](#)). Соғыс жылдары «8-гвардия», «Абай әндері», «Жауынгер баласы», «Қазақ киноконцерті – майданға», «Саған, майдан» фильмдері түсіріліп, қазақ киносының дамуына жаңа серпін берді. «Екі жауынгер», «Украина даласында», «Партизандар», «Аупартком секретары», «Ленинградтықтар» кинокартиналары кеңес халқының фашист басқыншыларына қарсы қаһармандық күресін бейнеледі.

Талқылау

Қоғамның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі саналатын мәдениет пен өнер, мәдени үрдістер тарихының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кезеңі бойынша зерттеу еңбектері қатары айтарлықтай. Дегенмен, республикамыздағы осы сала бойынша маман даярлаудың негізгі орталықтары болған санаулы арнаулы орта оқу орындарының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы кезеңі әлі де арнайы зерттеу нысаны ретінде қаралмай келеді. Бұл зерттеу жұмысы осы олқылықтың орнын толтыруға жасалған қадам.

Жұмыс барысында негізгі зерттеу нысаны болған екі оқу орны – Музхоркомбинат пен театр-көркемсурет училищелерінің Алматы қаласының мемлекеттік архивінде сақталған қорларының 1941-1945 жылдардағы тарихына қатысты құжат жинақтары тұңғыш рет толықтай талданып, ғылыми айналымға енгізілді. Зерттеу нәтижелерінің маңызы да осында.

Зерттеу жұмысы барысында құжаттар топтамасы оқу орындарының соғыс жылдарындағы күнделікті өмірі мен тыныс-тіршілігін тұтас бейнелейтін өзекті деген мәселелер бойынша топтастырылып зерделенді. Олардың қатарында бірнеше оқу орнын өзара біріктіру туралы шешімдер мен олардың ауыр салдарлары, Ұлы Отан соғысының басталуымен жарық көрген КСРО ХКК жанындағы Өнер Істері Комитетінің «өнер ЖОО мен училище директорларына» Бұйрық хаттарындағы есепсіз талаптардың орындалуы, соғыс жағдайына байланысты қаржылық және материалдық ресурстарды барынша үнемдеу бағытындағы мақсатты жұмыстар, оқу орындары ұжымының тыл майданындағы ерен еңбегі мен үлесін дәлелдейтін және нақтылайтын сансыз құжаттар – бұйрықтар мен нұсқаулар, хаттар мен анықтамалар, естеліктер талданып, ғылыми айналымға енгізілді. Мұның сыртында, әдеттегідей, соғыс жағдайындағы қалыптасқан күрделі ахуалды ғана емес, сонымен қатар ұжым мүшелерінің көңіліне қуаныш ұялатқан үлгілі сәттерді де айғақтайтын құжаттар топтамасы анықталды.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы атаулы дата. Тарихи дәуірлер мен кезеңдер өзгерісіне қарамастан күн тәртібінен түспейтін келелі тақырыптың бірі. Сондықтан зерттеу жұмысының нәтижелері тарихи жадымызды сақтауға, республикамыздағы кәсіптік білім беру мекемелерінің Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі тарихының жаңа беттерін ашуға септігін тигізеді деп есептейміз.

Қорытынды

Ұлы Отан соғысы жылдары жоғары және арнаулы орта білім беру жүйесіндегі кәсіби маман даярлаушы мәдениет пен өнер білім ошақтары да соғыс ауыртпалығын тартты. Соның бірі құрылымдық өзгерістер болды. Соғыстың басталуымен бұрын өз алдына дербес өмір сүріп келген төрт училище және П. Чайковский атындағы балалар музыка мектебі өзара біріктіріліп, екі оқу орны – Музхоркомбинат пен театр-көркемсурет училищелері құрылды.

Мұндай құрылымдық өзгерістер мен соғыс тауқыметі оқу орындарының даму динамикасына кері әсерін тигізгенімен, олардың жұмысына біржола тосқауыл бола алмады. Сол жылдардағы білім мекемелерінің материалдық ресурстарды барынша үнемдеу саясаты, білім ошақтары ұжымының ауыл шаруашылығы жұмыстарына

жұмылдырылуымен оқу үрдісінің бір айға кеш басталуы, білім алушылар мен оқытушы-қызметкерлердің майданға алынуы, мамандардың жетіспеуі салдарынан білім бағдарламаларының толыққанды орындалмауы, білім алушылардың өміріндегі қиыншылықтар сияқты соғыс кезеңінің бейнетін аталмыш білім ордалары да тартты.

Дегенмен, орталық және жергілікті үкімет органдары мен ведомстволарының, білім беру мекемелері басшылығы мен тұтас ұжымының күш жұмылдыруы, тынымсыз еңбегі арқасында соғыс ауыртпалықтары табыспен игерілді.

Оған соғыс теперіштеріне қарамастан оқу орындарына оқуға қабылдау және бітіртіп шығару, мәдениет пен өнер мекемелерін мамандармен қамтамасыз етуге ат салысу, қиын жағдайға тап болған білім алушыларына материалдық және рухани қолдау көрсету жолындағы түрлі іс-шаралар дәлел.

Кейін республика, одақ деңгейіне танымал болған ондаған болашақ өнер саңлақтары осы жылдары студент атанып, соғыс тауқыметіне куә болды. Дәл осы оқу орындарында алған білімдері олардың Ленинград, Киев, Мәскеу қалаларында өз білімдерін жалғастыруға негіз қалады.

Тіпті соғыс жағдайында 1944 жылы республикада жүйелі жоғары дәрежелі музыкалық білімі бар мамандарды даярлау мақсатымен Алматы мемлекеттік консерваториясы ашылды.

Соғыс жылдарындағы халықтың майдан мен тылдағы ерен еңбегі мен ерлігі профессор-оқытушылар құрамынан табанды шығармашылық ізденісті талап етті. Соғыс тауқыметін тартып күйзелген, жеңіс күнін сарғая күткен халықтың рухын көтеру, майдан мен тылдағы ерлікті дәріптеу сол ауыр күндердің талабы еді. Сол себепті өнер қайраткерлері-педагогтардың шығармашылық туындылары мен еңбектері негізінен осы бағытта өрбіді.

Тағдыр тәлкегімен Қазақстанды паналаған одақтық деңгейдегі ондаған өнер майталмандары мен өнер-білім мекемелері республикамыздағы мәдениет пен өнер білім ошақтарының педагогикалық құрамының толығыуы мен сапалық көрсеткішінің өсуін қамтамасыз етіп, оқу орындары, мәдениет және өнер орталықтарының жұмысын жандандыра түсті.

Acknowledgment

The authors of the article express their gratitude to the editorial team and the reviewers.

Алғыс

Мақала авторлары редакция ұжымына және рецензенттерге алғысын білдіреді

Благодарность

Авторы статьи выражают благодарность редакционной коллегии и рецензентам.

Қосымша

1. О реорганизации учебных заведений. Управление по Делах Искусств при СНК КазССР. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 1242 қ, 2 т, 22 іс, 505 п.
2. Приказ № 1 от 5 сентября 1941 года во исполнение приказа Управления по Делах Искусств при СНК КазССР от 2 сентября 1941 года за № 437 о реорганизации учебных заведений. Алматы қаласы мемлекеттік архиві (АҚ МА). 81 қ. 1 т. 1 іс. 1–4 пп.
3. Приказ № 1 от 15 ноября 1941 года об уменьшении сметных ассигнований по фонду заработной платы педагогов и сокращении штата. АҚ МА. 81 қ. 1 т. 1 іс. 64 п.

4. Приказ № 23 от 30 сентября 1941 года о выполнении решения Исполнительного Комитета г. Алма-Ата от 8 сентября 1941 года №15 об экономии и расходовании электроэнергии. АҚ МА. 81 қ. 1 т. 1 іс. 24, 45 пп.
5. Приказ № 54-а от 8 ноября 1941 года об отчислении студентов училища за не оформление прописки в г. Алма-Ате; Приказ № 59 от 12 ноября 1941 года об отчислении студентов училища за кражу казенного имущества; Приказ № 70 от 24 ноября 1941 года об отчислении студентов училища за хулиганские действия. АҚ МА. 81 қ. 1 т. 1 іс. 56, 61, 73 пп.
6. Письмо Директору музыкально-хореографического Комбината имени П. И. Чайковского тов. И. Круглыхину от Главного контролера-ревизора КРУ НКФ СССР по КазССР Н. Ветрова. АҚ МА. 81 қ. 1 т. 4 іс. 9 п.
7. Письмо Начальнику Управления по Делах Искусств при СНК КазССР тов. Толыбекову от Директора Музхоркомбината Круглыхина. АҚ МА. 81 қ. 1 т. 4 іс. 6 п.
8. О результатах проверки своевременности выплаты заработной платы персоналу Музхоркомбината за время с 1/I по 1/IV – 1945 г. АҚ МА. 81 қ. 1 т. 9 іс. 11–12 пп.
9. Приказ № 5 от 10 сентября 1941 года о зачислении на стипендию отличников учебы и № 6 от 12 сентября 1941 года об оказании материальной помощи нуждающимся студентам. АҚ МА. 81 қ. 1 т. 1 іс. 6–7 пп.
10. Положение об интернате Музхоркомбината от 10 марта 1944 года. АҚ МА. 81 қ. 1 т. 7 іс. 1–3 пп.
11. Текстовый отчет о работе Музхоркомбината за 1946/1947 гг. Выпуск по учебным заведениям Музхоркомбината по годам. АҚ МА. 81 қ. 1 т. 17 іс. 1–5 пп.
12. Приказ № 16 о зачислении студентов на 1941/1942 учебный год. АҚ МА. 130 қ. 1 т. 35 іс. 110-111 пп.
13. Текстовый отчет о работе Музхоркомбината за 1946/1947 гг. Приложение. АҚ МА. 81 қ. 1 т. 17 іс. Приложение.
14. Приказ № 206 от 1 июня 1951 года Управления по Делах Искусств при СНК КазССР о реорганизации Музхоркомбината им П.И.Чайковского. ҚР ОМА. 1242 қ. 2 т. 642 іс. 60 п.
15. Приказ № 437 от 2 сентября 1941 года о концентрации руководства учебных заведений по Управлению по Делах Искусств при СНК КазССР. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 37 іс. 1 п.
16. Письмо о положении Музхоркомбината Директора И.В. Круглыхина. ҚР ОМА. 1242 қ. 2 т. 634 іс. 28–29 пп.
17. Текстовый отчет учебной части о работе театрально-художественного училища за 1-е полугодие 1941/1942 гг. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 45 іс. 11–12 пп.
18. Докладная ЦК Партии КазССР тов. Исабекову от Директора Каз.театрально-худож. училища Рехсона от 5/X-43 г. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 45 іс. 15 п.
19. Приказы № 38, 40 от 21 и 26 марта 1942 года, Приказы № 41, 59 от 7 и 21 мая 1943 года о снятии с питания в интернате, об объявлении строгого выговора, об отчислении за задержание органами НКВД. по Театрально-художественному училище им. Гоголя. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 50 іс. 41, 60 пп; 58 іс. 38, 40 пп.
20. Приказ № 2 от 7 января 1943 года о предоставлении отпуска студентке Бекен Римовой по Театрально-художественному училищу им. Гоголя. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 58 іс. 2 п.
21. Приказы № 14 от 16 февраля 1943 года, № 82 от 22 ноября 1943 года по Каз. театрально-художественному училище. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 58 іс. 14, 92 пп.
22. Приказы № 21 от 8 марта 1943 года о награждении грамотой студентов за отличную учебу и об объявлении благодарности преподавателям за активную общественную работу; №35

- от 30 апреля 1943 года о премировании студентов грамотами за активное участие в военно-шефской работе и об объявлении благодарности преподавателям за активное участие в военно-шефской работе; № 73 от 6 ноября 1943 года об объявлении благодарности преподавателям за отличную работу. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 58 іс. 22, 36, 79 пп; 75 іс. 10 п.
23. Директивные указания Комитета по Делах Искусств при СНК Союза ССР о важнейших задачах всех творческих работников всех предприятий и учреждений советского искусства. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 41 іс. 18–22 пп.
24. Докладная записка ВРИД. Нач. Упр. п/д Искусств при СНК КССР тов. Сержанову от Директора Каз. театрально-художественного училища Кенчинбаева; Приказы по училище. Приказ № 46 от 6 июля 1943 года о поездке студентов, педагогов и обслуживающего персонала на работу в Аксуйский район. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 45 іс. 5 п; 58 іс. 46 п.
25. Текстовой отчет учебной части о работе тетрально-художественного училища за 1-е полугодие 1941/1942 гг. Отчет. Общая часть; Приказ № 36 от 12 марта 1942 года об освобождении от платы за обучение; Текстовой отчет учебной части за 1-е полугодие 1942/1943 гг. Отчет. Общая часть. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 45 іс. 1–3 пп; 50 іс. 36 п; 54 іс. 1–3 пп.
26. Постановление СНК Казахской ССР от 24 июля 1944 года (№ 420) о создании Алматинской государственной консерватории на базе Музхоркомбината. ҚР ОМА. 1689 қ. 1 т. 1 іс. 4–5 пп.
27. Приказ № 378 от 27 декабря 1945 года СНК Казахской ССР о назначении Жубанова Ахмета Куановича ректором Алматинской государственной консерватории. ҚР ОМА. 1689 қ. 1 т. 8 іс. 14 п.
28. Алматинская государственная консерватория им. Курмангазы. ҚР ОМА. 1689 қ. 1 т. 49 іс. 28–29 пп.
29. Борис Григорьевич Ерзакович. ҚР ОМА. 1699 қ. 1 т. 24 іс. 23–24 пп.
30. Алматинская государственная консерватория им. Курмангазы. ҚР ОМА. 1689 қ. 1 т. 31 іс. 3–4 пп.; 35 іс. 4–5 пп.
31. Латиф Хамиди ҚР ОМА. 1976 қ. 2 т. 546 іс. 45–46 пп.
32. Евгений Григорьевич Брусиловский. ҚР ОМА. 999 қ. 1 т. 229 іс. 1 п.
33. Директивные указания Комитета по Делах Искусств при СНК Союза ССР о важнейших задачах всех творческих работников всех предприятий и учреждений советского искусства. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 41 іс. 18–22 пп.
34. Директивные указания, приказы Управления по Делах Искусств при СНК КазССР. ҚР ОМА. 1242 қ. 2 т. 539 іс. 18–19 пп.
35. Абрам Маркович Черкасский. ҚР ОМА. 755 қ. 1 т. 12 іс. 1–8 пп.
36. Приказ №149 от 3 сентября 1941 г. о зачислении т. Черкасского А. преподавателем по истории ИЗО на IV курсе. АҚ МА. 66 қ. 1 т. 24 іс. 38 п.

Әдебиеттер тізімі

- Zhumabekova D. Activities of Musicians of Kazakhstan in the Years of the Great Patriotic War: On the Occasion of the 75th Anniversary. *Proceedings of the 4th International Conference on Art Studies: Science, Experience, Education (ICASSEE 2020)*. Available Online 7 September 2020. [10.2991/assehr.k.200907.042](https://doi.org/10.2991/assehr.k.200907.042)
- Алдажуманов К., Шилдебай С., Асанова С. *Из истории Казахстана военного времени (1941-1945)*. Электронный научный журнал «edu. e-history. kz». 2020. Т.24, no.4, с.17–31.

- Аравин Ю. *Казахская инструментальная музыка от кюя к симфонии*. Алматы: RUAN. 2017. 360 с.
- Ворожейкина Е. *Российская художественная интеллигенция в эвакуации в годы Великой Отечественной войны (1941-1943 гг.)*: дисс. канд. ист. наук. Кострома. 2004. 289 с.
- Джиликбаев Э. Из alma mater с палитрой и резцом. *Казахстанская правда*. 1998. 20 ноября.
- Жаманбаев К. *Высшая школа в Казахстане. Исторический опыт Коммунистической партии Казахстана по руководству высшей школой за 50 лет (1920-1970 гг.)*. Алма-Ата: Казахстан. 1972. 184 с.
- Жаркынбаева Р., Дулина Н., Ануфриева Е. Военная повседневность в городах тыла в 1941-1945 гг. (на примере г. Алма-Аты). *Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4, История. Регионоведение. Международные отношения*. 2020. Т.25, no.1, с.97–108. <https://doi.org/10.15688/jvolsu4.2020.1.8>.
- Жукова О. *Культурная жизнь СССР как феномен повседневности Великой Отечественной войны 1941-1945 гг.* Москва: Московский гуманитарный университет. 2016. 228 с.
- Жумабаева А. Хамиди Латыф Абдулкаевич. Алматы. 2010. 312 с.
- Жумасеитова Г. «Музы, что посетили нас...». Театры Алматы в годы Великой Отечественной войны. В: *Актуальные вопросы развития искусства балета и хореографического образования*. Материалы IV Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. Москва: Изд-во: Московская государственная академия хореографии, 2020. С.41–46.
- Жумашев Р. *Развитие социалистической культуры в Казахстане в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.)*: автореф. дисс. канд. ист. наук. Москва. 1990. 24 с.
- Жумашев Р. Высшая школа Казахстана в период Великой Отечественной войны. *Вестник Карагандинского государственного университета. Серия: история, философия*. 2010. Т.58, no.3, с.109–114.
- Жұбанов А. Музыка білімінің ордасы. *Лениншіл жас*. 1946. 18 қазан.
- Капаева Р. Наука и культура Казахстана в годы Великой Отечественной войны. *Мир Большого Алтая*. 2015. Т.2, no.1, с.131–138.
- Козыбаев М. *Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941-1945)*. Алма-Ата: Казахстан. 1964. 362 с.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)*. Бес томдық. Жауапты редактор Алдажұманов Қ.С. Т. 4. Алматы: Атамұра. 2010. 752 б.
- Құнантаева К. *Білім заңғарына жол*. Алматы: Қазақстан. 1982. 148 б.
- Народное хозяйство Казахстана за 60 лет*. Статистический сборник. Алма-Ата: Жалын. 1980. 272 с.
- Пинегина Л. *Художественная культура как фактор Великой Победы 1941-1945*. Москва: Диалог–МГУ. 1997. 260 с.
- Сулейменов Р., Бисенов А. *Социалистический путь культурного прогресса ранее отсталых народов. История строительства советской культуры Казахстана (1917-1965 гг.)*. Алма-Ата: Наука. 1967. 424 с.
- Сулейменов Р. *Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане*. Алма-Ата: Наука. 1972. 494 с.
- Тастанов Ш. *Советский опыт формирования и развития интеллигенции ранее отсталых народов*. Алма-Ата: Казахстан. 1975. 200 с.
- Туменова С. *Создание и развитие учебных заведений культуры и искусства в Казахстане 1917-1975 гг.*: автореф. дисс. канд. ист. наук. Алматы. 1998. 32 с.

Чиликова Е. Великая Отечественная война: эвакуация в Казахстан. *Открытая школа* (Алматы) No.1(192), с.14-20

References

- Zhumabekova D. Activities of Musicians of Kazakhstan in the Years of the Great Patriotic War: On the Occasion of the 75th Anniversary. In: *Proceedings of the 4th International Conference on Art Studies: Science, Experience, Education (ICASSEE 2020)*. Available Online 7 September 2020. 10.2991/assehr.k.200907.042 (in English)
- Aldazhumanov K., Shildebay S., Asanova S. Iz istorii Kazakhstana voennogo vremeni (1941-1945). *Electronic scientific journal edu.e-history.kz*. 2020. Vol.24, no.4, pp.17–31. (in Russian)
- Aravin Yu. *Kazhskaja instrumental'naja muzyka ot kjuja k simfonii*. Almaty: RUAN Publ. 2017. 360 p. (in Russian)
- Vorozheykina Ye. *Rossijskaja hudozhestvennaja intelligencija v jevakucii v gody Velikoj Otechestvennoj vojny (1941-1943 gg.)*: Dissertation for the Degree of Candidate of historical sciences. Kostroma. 2004. 289 p. (in Russian)
- Dzhilikbayev E. Iz alma mater s palitroj i rezcom. *Kazakhstanskaya Pravda*. 1998. November 20. (in Russian)
- Zhamanbayev K. *Vysshaja shkola v Kazahstane. Istoricheskij opyt Kommunisticheskoy partii Kazahstana po rukovodstvu vysshej shkoloj za 50 let (1920-1970 gg.)*. Almaty: Kazakhstan Publ. 1972. 184 p. (in Russian)
- Zharkynbaeva R., Dulina N., Anufrieva Ye. Voennaja povsednevnost' v gorodah tyla v 1941-1945 gg. (na primere g. Alma-Aty). *Bulletin of Volgograd State University. Series 4, History. Regional Studies. International Relations*. 2020, Vol.25, no.1, pp.97–108. (in Russian) <https://doi.org/10.15688/jvolsu4.2020.1.8>.
- Zhukova O. *Kul'turnaja zhizn' SSSR kak fenomen povsednevnosti Velikoj Otechestvennoj vojny 1941-1945 gg.* Moscow: Moscow University for the Humanities Publ. 2016. 228 p. (in Russian)
- Zumabaeva A. *Hamidi Latyf Abdulkaeovich*. Almaty. 2010. 312 p. (in Russian)
- Zhumaseitova G. «Muzy, chto posetili nas ...». Teatry Almaty v gody Velikoj Otechestvennoj vojny. In: *Current Issues in the Development of Ballet Art and Choreographic Education*. Materials of the 4th All-Russian scientific and practical conference with international participation. Moscow: Publishing House of the Moscow State Academy of Choreography. 2020. Pp.41–46. (in Russian)
- Zhumashev R. *Razvitie socialisticheskoy kul'tury v Kazahstane v gody Velikoj Otechestvennoj vojny (1941-1945 gg.)*: Dissertation for the Degree of Candidate of Historical Sciences. Moscow. 1990. 24 p. (in Russian)
- Zhumashev R. Vysshaja shkola Kazakhstana v period Velikoj Otechestvennoj vojny. *Bulletin of Karaganda State University. History, philosophy*. 2010. Vol.59, no.3, pp.109–114. (in Russian)
- Zhubanov A. Muzyka biliminiñ ordasy. *Leninñ jas*. 1946. October 18. (in Kazakh)
- Kapayeva R. Nauka i kul'tura Kazakhstana v gody Velikoj Otechestvennoj vojny. *Great Altai*. 2015. Vol.2, no.1, pp.131–138 (in Russian)
- Kozybayev M. *Kompartija Kazakhstana v period Velikoj Otechestvennoj vojny (1941-1945)*. Alma-Ata: Kazakhstan Publ. 1964. 362 p. (in Russian)
- Qazaqstan tarihy* (köne zamannan büginge deim). Bes tomdyq. Ed. Aldajumanov K.S. Vol. 4. Almaty: Atamura Publ. 2010. 752 p. (in Kazakh)

- Kunantayeva K. *Bılım zañğaryna jol*. Almaty: Kazakhstan Publ. 1982. 148 p. (in Kazakh)
- Narodnoe hozjajstvo Kazahstana za 60 let Statisticheskij sbornik*. Almaty: Zhalyñ Publ. 1980. 272 p. (in Russian)
- Pinegina L. *Hudozhestvennaja kul'tura kak faktor Velikoj Pobedy 1941-1945*. Moscow: Dialog-MSU Publ. 1997. 260 p. (in Russian)
- Suleimenov R., Bisenov A. *Socialisticheskij put' kul'turnogo progressa ranee otstalyh narodov*. Istorija stroitel'stva sovetskoj kul'tury Kazahstana (1917-1965 gg). Almaty: Nauka Publ. 1967. 424 p. (in Russian)
- Suleimenov R. *Leninskie idei kul'turnoj revoliucii i ih osushhestvlenie v Kazahstane*. Alma-Ata: Nauka Publ. 1972. 494 p. (in Russian)
- Tastanov Sh. *Sovetskij opyt formirovaniya i razvitiya intelligencii ranee otstalyh narodov*. Alma-Ata: Kazakhstan Publ. 1975. 200 p. (in Russian)
- Tumenova S. *Sozdanie i razvitie uchebnyh zavedenij kul'tury i iskusstva v Kazahstane 1917-1975 gg.*: Dissertation for the Degree of Candidate of Historical Sciences. Almaty. 1998. 32 p. (in Russian)
- Chilikova Ye. *Velikaja Otechestvennaja vojna: jevakuacija v Kazahstan*. *Open school* (Almaty). 2020. No.1(192), pp.14-20. (in Russian)

Information about authors

Saule H. Baidildina Fellan – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of Social Disciplines, Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev, Baitursynov St. 126/1, 050013, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-5237-7032>, Saulehair@mail.ru

Ardak S. Abdiraiymova – Candidate of Historical Sciences, Professor, Department of Social and Humanitarian Disciplines and Physical Education, ALT University, Shevchenko St. 97, 050012, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-7896-418X>, ardak.abdiraiymova@gmail.com

Yelzat Y. Jarkinbaev – Senior Lecturer, Department of Social Disciplines, Almaty University of Power Engineering and Telecommunications named after Gumarbek Daukeyev, Baitursynov St. 126/1, 050013, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0002-2412-5468>, e.jarkinbaev@aes.kz

Авторлар туралы мәліметтер

Сауле Хайрулловна Байдильдина Феллан – тарих ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік пәндер кафедрасының доценті, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Байтұрсынов көшесі 126/1, 050013, Алматы қ., Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-5237-7032>, Saulehair@mail.ru

Ардак Серикбаевна Абдирайымова – тарих ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және дене тәрбиесі кафедрасының профессоры, АЛТ университеті, Шевченко көшесі 97, 050012, Алматы қ., Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-7896-418X>, ardak.abdiraiymova@gmail.com

Ельзат Еркинович Джаркинбаев – әлеуметтік пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті, Байтұрсынов көшесі 126/1, 050013, Алматы қ., Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0002-2412-5468>, e.jarkinbaev@aes.kz

Сведения об авторах

Сауле Хайрулловна Байдильдина Феллан – кандидат исторических наук, доцент кафедры социальных дисциплин, Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, Байтурсынова, 126/1, 050013, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-5237-7032>, saulehair@mail.ru

Ардак Серикбаевна Абдирайымова – кандидат исторических наук, профессор кафедры социально-гуманитарных дисциплин и физического воспитания, АЛТ университет, Шевченко, 97, 050012, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-7896-418X>, ardak.abdiraiymova@gmail.com

Ельзат Еркинович Джаркинбаев – старший преподаватель кафедры социальных дисциплин, Алматинский университет энергетики и связи имени Гумарбека Даукеева, Байтурсынова, 126/1, 050013, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0002-2412-5468>, e.jarkinbaev@aes.kz

Authors' Contributions

Baidildina Fellan S.Kh. – developed the research project, analyzed and systematized historiographical sources, and substantiated the overall concept and structure. Prepared the textual content of the “Introduction,” “Methods and Materials,” “Results,” and “Discussion” sections.

Abdiraiymova A.S. – made a significant contribution to the development of the article’s idea, its structural rationale, and conceptual framework. Participated in the preparation and editing of the “Methods and Materials” and “Conclusion” sections.

Zharkynbayev E.E. – contributed to structuring the article, collecting historiographical and source materials, processed initial data, and compiled the list of references. Participated in writing the “Results” and “Conclusion” sections.

Авторлардың қосқан үлесі

Байдильдина Феллан С.Х. – зерттеу жобасын әзірлеу, тарихнамалық дереккөздерді талдау және жүйелеу, жалпы тұжырымдама мен құрылымды негіздеді. «Кіріспе», «Әдістер және материалдар», «Нәтижелер», «Талқылау» бөлімдерінің мәтіндік бөлігін дайындады.

Абдирайымова А.С. – мақала идеясын әзірлеуге, құрылымын негіздеуге, мақаланың тұжырымдамасын әзірлеуге елеулі үлес қосты. «Әдістер және материалдар», «Қорытынды» бөлімдерін дайындауға, редакциялауға қатысты.

Джаркинбаев Е.Е. – мақала құрылымын негіздеуге, тарихнамалық, дерекнамалық материалдар жинауға қатысты, бастапқы ақпаратты өңдеуді жүргізді, әдебиеттер тізімін дайындады. «Нәтижелер», «Қорытынды» бөлімінің мәтінін жазуға қатысты.

Вклад авторов

Байдильдина Феллан С.Х. – разработала исследовательский проект, провела анализ и систематизацию историографических источников, обосновала общую концепцию и структуру статьи. Подготовила текстовые части разделов «Введение», «Методы и материалы», «Результаты», «Обсуждение».

Абдирайымова А.С. – внесла значительный вклад в разработку идеи статьи, обоснование её структуры и концепции. Участвовала в подготовке и редактировании разделов «Методы и материалы», «Заключение».

Джаркинбаев Е.Е. – участвовал в обосновании структуры статьи, сборе историографических и источникововедческих материалов, провёл обработку исходной информации, подготовил список литературы. Участвовал в написании текста разделов «Результаты», «Заключение».

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / **Раскрытие информации о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / **Disclosure of conflict-of-interest information.** The author claims no conflict of interest.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 30.04.2025

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 30.05.2025

Published online first / Алғы рет онлайн жарияланды / Опубликовано онлайн: дата публикации Online First 21.06.2026.

Published in issue / Нөмірде жариялаңған күні / Опубликовано в номере: дата публикации номера 10.09.2025.